

**Борышкерден алынған және банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген бағалы қағаздарды, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтары мен антиквариатты сату ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 526 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 180 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 180 қаулысымен.**

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңының 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Борышкерден алынған және банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген бағалы қағаздарды, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтары мен антиквариатты сату ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

4

м а у с ы м д а ғ ы

N

5 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Борышкерден алынған және банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген бағалы қағаздарды, валюталық құндылықтарды, бағалы металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтары мен антиквариатты сату  
ЕРЕЖЕСІ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже сот орындаушылары атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындау кезінде борышкерден алынған және банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген тазартылған құйма алтынды, бағалы металдардан, бағалы тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтарын және антиквариатты (бұдан әрі - құндылықтар), ұлттық және шетел валютасындағы бағалы қағаздарды (бұдан әрі - бағалы қағаздар), қолма-қол шетел валютасы мен номиналы шетел валютасымен көрсетілген төлем құжаттарын (бұдан әрі - шетел валютасы) сату тәртібі мен шарттарын белгілейді.

## **2. Құндылықтарды сату**

2. Құндылықтарды сату заңнамада белгіленген тәртіппен құндылықтармен сауда-саттық өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар сауда және мамандандырылған ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдастырушы) арқылы аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізіледі.

3. Борышкерден алынған құндылықтарды сауда-саттыққа шығару туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

4. Сот орындаушысы мен ұйымдастырушы арасындағы құндылықтарды сатуға байланысты туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шартпен реттеледі.

5. Құндылықтармен сауда-саттық өткізу үшін ұйымдастырушыны таңдау оның қызметтер көрсетуінің құны туралы ұсыныстарға сұрау салуды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Сот орындаушысы ықтимал ұйымдастырушылардан қызметтер көрсетудің өз құнынан басқа, олар қызметтер көрсетудің құнына енгізетін ықтимал ұйымдастырушының шығыстары туралы ақпаратты қамтуы мүмкін қызметтер көрсетуінің құны туралы жазбаша ұсыныстарды ауызша немесе жазбаша сұратады.

Әрбір ықтимал ұйымдастырушы оның қызметтер көрсетуінің құны туралы бір ғана ұсыныс береді.

6. Сот орындаушысы сауда-саттық өткізу үшін ең төмен баға ұсынған ықтимал ұйымдастырушымен борышкерден алынған құндылықтарды сату жөніндегі сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге арналған шарт жасасады.

7. Сот орындаушысы жасалған шартқа сәйкес ұйымдастырушыға борышкерден алынған құндылықтардың атауы, саны бар тізімдеме актісін табыс етеді, сондай-ақ сауда-саттық өткізілетін күнді анықтайды. Ұйымдастырушы сот

орындаушысы табыс еткен тізімдеме актісі негізінде сауда-саттыққа қатысушыларға берілуін ақпараттық парак құрастырады.

8. Құндылықтардың бастапқы бағасын сот орындаушысы тыйым салу туралы актіде көрсетілген құндылықтардың бағалану құны негізінде белгілейді.

Борышкер немесе өндіріп алушы құндылықтарды бағалау нәтижелеріне дау шығарған жағдайда, сауда-саттық өткізу жөніндегі іс-әрекеттер бағалау жүргізілгенге дейін "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тоқтатыла тұрады.

9. Сауда-саттықты ұйымдастырушы сауда-саттықта сату үшін ұсынылып отырған құндылықтар туралы ақпараттық хабарламалар жасайды және сауда-саттық өткізудің белгіленген күніне дейін 10 күннен кешіктірмей олардың мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануын ұйымдастырады.

10. Ақпараттық хабарламалар мынадай мәліметтерді:

сауда-саттықты өткізу мән-жайын, күнін, уақытын және орнын, бастапқы б а ғ а с ы н ;

сауда-саттыққа қатысуға өтініштерді қабылдау орнының мекен-жайын, у а қ ы т ы н және мерзімдерін ;

сауда-саттыққа қатысу үшін төленетін кепілдік жарнаның мөлшерін және кепілдік жарна аударылуға тиіс атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган аумақтық органының ағымдағы шотының д е р е к т е м е л е р і н ;

жеңімпаздың ақы төлеу шартын (ақша енгізу мерзімдерін) қамтуы тиіс.

11. Сауда-саттыққа осы Ереженің 14-тармағында белгіленген кепілдік жарна сомасын енгізген және осы Ереженің 12-тармағында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғаларға қатысуға рұқсат етіледі.

Сауда-саттыққа сауда-саттық жүргізіліп отырған атқарушылық іс жүргізу бойынша шешім шығарған сот орындаушылары мен соттар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары (ата-аналары, жұбайлары, туған аға-інілері мен апа-қарындастары, балалары немесе жекжаттары - жұбайларының туған аға-інілері мен апа-қарындастары, ата-анасы мен балалары) қатыса алмайды.

12. Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркелу үшін:

сауда-саттыққа қатысуға өтінішті;

қатысушының жеке басын куәландыратын құжатты;

кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатты;

өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты ұсынуы тиіс;

заңды тұлғалар заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің

заңнамада белгіленген тәртіппен расталған көшірмесін қосымша ұсынады; шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды расталған аудармасымен құрылтай құжаттарын ұсынады.

13. Ұйымдастырушы сауда-саттыққа қатысушылар үшін билеттер дайындайды, оларда мынадай мәліметтер: сатып алушының сауда-саттыққа қатысатын нөмірі; олар бойынша сатып алушы қатысатын құндылықтың атауы қамтылады.

14. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна құндылықтың бағалану құнының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Кепілдік жарна атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган аумақтық органының ағымдағы шотына есептеледі.

15. Сауда-саттықты ұтып алған тұлғаның кепілдік жарнасы сатып алу бағасының есебіне жатады.

Сауда-саттықта ұтпаған қатысушының кепілдік жарнасы сауда-саттық аяқталғаннан кейін қайтарылады.

Егер құндылықтардың құны кепілдік жарна сомасынан кем болған жағдайда, сот орындаушысы олардың арасындағы айырманы сауда-саттықты өткізген күннен бастап үш операциялық күннен кешіктірмей сауда-саттықты ұтып алған тұлғаға қайтарады.

16. Сауда-саттықты ұйымдастырушы өткізеді және оларды өткізу ережесін, сату затының қысқаша сипаттамасын, сауда-саттық өткізу әдісін, бастапқы бағасын жариялаудан басталады.

17. Сауда-саттық, егер оған кемінде екі сатып алушы қатысса өтті деп саналады.

18. Сауда-саттық барысында қатысушылар аукциондық нөмірлерін жоғары көтереді және өз бағасын атайды.

19. Құндылық үшін неғұрлым жоғары бағаны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы жеңімпаз деп жарияланады.

20. Жеңімпаз сот орындаушысына немесе ұйымдастырушыға қатысушы билетін ұсынуы және сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қолын қоюы тиіс.

21. Хаттамада сатып алушы туралы деректер, құндылықтың атауы, оның бастапқы құны мен сатылған бағасы көрсетіледі.

22. Сауда-саттық аяқталғаннан кейін сатып алушы, сот орындаушысы мен ұйымдастырушы өткен сауда-саттық туралы актіге қолдарын қояды.

23. Сатып алушы сатылған құндылықтың ақырғы сомасын төлегеннен кейін сот орындаушысы өткен сауда-саттық туралы актінің бір данасын сатып алушыға береді.

24. Өткен сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан сауда-саттықтың жеңімпазы өткізілетін сауда-саттыққа одан әрі қатысу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда осы құндылықты сату жөніндегі сауда-саттық сауда-саттықтың қалған қатысушыларымен қайта жаңартылады. Бұл туралы шешімді ұйымдастырушы қабылдайды.

25. Ұйымдастырушы:

егер сауда-саттыққа екіден кем сатып алушы келсе;  
егер қатысушылардың ешқайсысы құндылықтардың бастапқы бағасына  
үстеме жасамаса;

егер сатып алушы сауда-саттық аяқталғаннан кейін бес күн ішінде  
құндылықтар сатып алған соманы толығымен енгізбесе, сауда-саттықты  
өткізілмеді деп жариялайды.

Егер сауда-саттық өтпесе, кепілдік жарна оны енгізген тұлғаларға қайтарылады.

26. Бірінші сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда ұйымдастырушы бірінші сауда-саттықты өткізілмеді деп жарияланғаннан кейін кемінде 10 күннен кейін сауда-саттықты қайта өткізеді.

Бұл ретте құндылықтардың құны қатысушылардың бірі оларды жарияланған, бастапқы құнының 50 пайызынан төмен болмауға тиіс баға бойынша сатып алуға келіскен сәтке дейін жариялану қадамымен төмендетіліп отырады.

Қадам объектінің ағымдағы бағасының 3-тен 5 пайызына дейінгі шекте белгіленеді.

27. Қайталама сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған және өндіріп алушы сатылатын құндылықтарды соңғы жарияланған баға бойынша өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда, құндылықтарға салынған тыйым алынады.

### **3. Бағалы қағаздарды сату**

28. Бағалы қағаздарды сату бағалы қағаздар рыногында делдалдық және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары (бұдан әрі - кәсіпқой қатысушылар) арқылы өткізіледі.

29. Кәсіпқой қатысушылар арқылы бағалы қағаздарды сату туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

30. Сот орындаушысы мен кәсіпқой қатысушы арасындағы бағалы қағаздарды сатуға байланысты туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шартпен реттеледі.

31. Кәсіпқой қатысушыларды таңдау осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

32. Кәсіпқой қатысушылар бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес сатады.

#### **4. Шетел валютасын сату**

33. Шетел валютасын сатуды сот орындаушысы шетел валютасымен операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар уәкілетті банктер және шетел валютасымен банктік операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы бар банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар (қызметінің бірден бірі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда) (бұдан әрі - уәкілетті заңды тұлғалар) арқылы жүргізеді.

34. Уәкілетті заңды тұлғалардан тыс жерлерде шетел валютасын сатуға жол берілмейді.

35. Шетел валютасын сатуға қою туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

36. Сот орындаушысы мен уәкілетті заңды тұлға арасындағы шетел валютасын сатуға байланысты туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шартпен реттеледі.

37. Уәкілетті заңды тұлғаларды таңдау осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

38. Егер шетел валютасын сату осы шетел валютасының сақтаушысы болып табылмайтын уәкілетті заңды тұлға арқылы өткізілген жағдайда, сот орындаушысы оларды сақтаушы уәкілетті заңды тұлғадан тасымалдауды жүзеге асырады. Бұл ретте, шетел валютасын уәкілетті заңды тұлғаға тасымалдау міндетті түрде сот приставтарының қатысуымен жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайларда сот орындаушысы заңнамада белгіленген тәртіппен шетел валютасының тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тартуға құқылы.

39. Шетел валютасын сату үшін қабылдаған уәкілетті заңды тұлға оның ары қарай сақтаушысы болып табылады. Сот орындаушысы шетел валютасын уәкілетті заңды тұлғаға сақтауға беруді сақтауға қабылдау тәртібін регламенттейтін операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерде белгіленген тәртіппен және/немесе тиісті өкілеттігі бар лауазымды тұлғаның қолымен (бұдан әрі - уәкілетті заңды тұлғаның өкілі) қолхат алу жолымен сақтау шарты негізінде жүзеге асырады.

40. Уәкілетті заңды тұлғалар шетел валютасын Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының талаптарына сәйкес ағымдағы нарықтық бағам бойынша сатады.

41. Уәкілетті заңды тұлғалар сот орындаушысы берілген қолма-қол шетел валютасын ағымдағы нарықтық бағам бойынша сатып ала алады.

42. Шетел валютасын сатудан алынған ақша келіп түскен кезде, уәкілетті заңды тұлға түскен ақшаны атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық органның ағымдағы шотына аударады.

Уәкілетті заңды тұлғалар сот орындаушысына шетел валютасының сатылуын растауға сатылу бағасын көрсете отырып, тиісті түрде ресімделген құжаттарды табыс етеді.

## **5. Қорытынды ережелер**

43. Құндылықтарды, бағалы қағаздарды және шетел валютасын сатуға, оның ішінде ұйымдастырушының, кәсіпқой қатысушының және уәкілетті заңды тұлғаның қызметтер көрсетуіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстар, атқарушылық іс-әрекеттерді жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылуы тиіс.

44. Борышкерден алынған құндылықтарды, бағалы қағаздарды және шетел валютасын сатудан алынған қаражат атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган аумақтық органының ағымдағы шотына аударылуға тиіс, одан ең алдымен атқару құжатын орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар өтеледі, содан кейін орындау жөніндегі шығыстар жабылады, қалған сома өндіріп алушының талаптарын қанағаттандыруға түседі. Барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін қалған сома борышкерге қайтарылады.